



АҚ «Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі туралы ереже	XC ISO 9000:2015 XC ISO 9001:2016 XC ISO 37001:2016
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-13	Күні « 18 » маусым 20 25 ж.



БЕКІТЕМІН

Қ. Құлажанов атындағы
«ҚазТБУ» АҚ Ректоры
Л.К. Байболова
« 18 » маусым 2025 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-13**

КЕЛІСІЛДІ

АСЖ Проректор
Э.Б. Аскарбеков
« 18 » маусым 2025 ж.

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	2
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар	7
7. Жалпы ережелер	8
8. Білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайындық	10
9. Білім беру бағдарламасын жобалау	10
10. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының мазмұны	12
11. Білім беру бағдарламасының құрылымдық элементтерін нақтылау	14
12. Білім беру бағдарламасын ресімдеуге қойылатын талаптар	17
13. Білім беру бағдарламасын қарау және бекіту	17
14. Білім беру бағдарламасының сапасын бағалау	18
15. Білім беру бағдарламасының сараптамасы	18
16. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар	19
17. Жауапкершілік және өкілеттік	19
Қосымшалар	20
Білім беру бағдарламасының құрылымының нысаны Н.ББББ-8.3/8.1-2025-13-01 (міндетті)	20
Оқу нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің үлгілік тізбесінің нысаны Н.ББББ-8.3/8.1-2025-13-02 (міндетті)	32
Блумның білім беру мақсаттарының таксономиясы нысаны Н.ББББ-8.3/8.1-2025-13-03 (міндетті)	33
Келісу парағы	34
Танысу парағы	34
Тіркеу өзгерістерінің парағы	35
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы	35

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	2
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар мен белгілер	7
7. Жалпы ережелер	8
8. Білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайындық	10
9. Білім беру бағдарламасын жобалау	10
10. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының мазмұны	12
11. Білім беру бағдарламасының құрылымдық элементтерін нақтылау	14
12. Білім беру бағдарламасын ресімдеуге қойылатын талаптар	17
13. Білім беру бағдарламасын қарау және бекіту	17
14. Білім беру бағдарламасының сапасын бағалау	18
15. Білім беру бағдарламасының сараптамасы	18
16. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар	19
17. Жауапкершілік және өкілеттік	19
Қосымшалар	20
Білім беру бағдарламасының құрылымының нысаны Н.ББББ-8.3/8.1-2025-13-01 (міндетті)	20
Оқу нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің үлгілік тізбесінің нысаны Н.ББББ-8.3/8.1-2025-13-02 (міндетті)	32
Блумның білім беру мақсаттарының таксономиясы нысаны Н.ББББ-8.3/8.1-2025-13-03 (міндетті)	33
Келісу парағы	34
Танысу парағы	34
Тіркеу өзгерістерінің парағы	35
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы	35

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі туралы ереже ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-13

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы

3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын құру, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар

4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі - Қолдану бойынша талаптар мен ұсыныстар;

4.4 ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (2025 жылғы 15 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.5 ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек кодексі (2025 жылғы 19 мамырдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.6 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (2024 жылғы 14 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.7 ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2024 жылғы 24 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.8 ҚР ҒЖБМ-нің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2025 жылғы 22 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.9 ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2025 жылғы 26 наурыздағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.10 ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 Бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2024 жылғы 21 мамырдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.11 ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 Бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (2024 жылғы 05 қаңтардағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.12 ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» (2023 жылғы 27 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.13 ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» (2023 жылғы 21 шілдедегі өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.14 «Академиялық саясат» ҚазТБУ-ОҮЖ-ЕСБ-8.3/8.1-2025-01;

4.15 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стандарты;

4.16 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-34.

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Академиялық кредит	Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі
Академиялық кезең (Term)	Университет үш нысанның бірінде: семестр, триместр, тоқсан түрінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі
Академиялық сағат	Оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі. 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, ¹ өтілген оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады.
Бакалавриат	Кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі
Жоғары оқу орны компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін Университет дербес айқындайтын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Дескрипторлар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылар алған білім, білік, дағдылар мен құзыреттер деңгейі мен көлемін оқыту нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттерге негізделген сипаттама
Құжатталған ақпарат	Ол қамтылған ұйым мен тасымалдаушы басқаруы және қолдауы тиіс ақпарат
Қос дипломды білім беру	Екі тең диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы және оқу жоспары бойынша оқу мүмкіндігі
Білім	Жеке және кәсіби қызметте қолданылатын ақпарат, нормалар
Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination)	Тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін олардың игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім
Қорытынды бақылау	Оқу пәнін немесе оның бір бөлігін оқып бітіргеннен кейін аралық аттестаттау кезеңінде өткізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау нысаны
Бағалау критерийлері	Білім алушылардың құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкестігіне оқу нәтижесін бағалау бойынша шешім қабылдауға арналған іс-әрекеттер тізбесі
Таңдау компоненті	Университет ұсынатын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі, білім алушылар олардың пререквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде дербес таңдайды
Элективті пәндер каталогы	Таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі, олардың оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және оқудың күтілетін нәтижелерін (білім

	алушылар алатын білім, білік, дағды және құзыреттіліктер) көрсете отырып, қысқаша сипаттамасын қамтиды
Біліктілік	Қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі
Құзыреттілік	Оқыту процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық пайдалану қабілеті
Оқытудың кредиттік технологиясы	Академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушының пәндер мен (немесе) модульдерді оқу тізбегін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту
Магистратура	Кемінде 60/120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі
Модуль	Оқу нәтижелері тұрғысынан автономды, аяқталған, білім алушылар меңгеретін білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды, құзыреттерді және оларды бағалаудың адекватты критерийлерін нақты тұжырымдаған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі
Модульдік оқыту	Білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі
Дағдылар	Қызметкер бақылай алмайтын, бірақ қызмет нормаларының талаптарына сәйкес келетін іс-әрекеттер
Ұлттық біліктілік шеңбері	Еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы
Білім беру бағдарламасы	Оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үрдісін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені
Міндетті компонент	МЖМБС белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқыту бағдарламасы бойынша білім алатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Бағалау	Талдау процесінде жиналған деректер мен дәлелдемелерді түсіндіру. Бағалау бағдарламаның білім беру мақсаттарына, оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін айқындайды және бағдарламаны жетілдіруге қатысты шешімдер мен іс-әрекеттерге әкеледі
Постреквизиттер (Postrequisite)	Берілген пән мен (немесе) модульді оқып бітіргеннен кейін меңгерілетін білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды және құзыреттерді талап ететін пәндер және (немесе) модульдер мен оқу жұмысының басқа да түрлері
Пререквизиттер (Prerequisite)	Оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білім, іскерлік, дағды және құзыреттіліктерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері
Қос дипломдық бағдарламалар	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары – серіктестерінің білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығы мен синхрондалуына негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын анықтау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар
Кәсіби стандарт	Кәсіби қызметтің нақты саласындағы біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт

Оқыту нәтижелері	Білім беру бағдарламасын игеру барысында білім алушының игерген, көрсеткен және бағамен расталған білім, іскерлік, дағдылар көлемі мен қалыптасқан құндылықтар
Білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – ББТ)	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның «Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесі
Процесс тәуекелдері	Пайда болған жағдайда процестің барысына теріс әсер етуі және оның нәтижелілігін төмендетуі мүмкін іс-әрекеттер, оқиғалар немесе жағдайлар, сондай-ақ сәйкестендірілгендердің пайда болуын азайтуға бағытталған алдын алу іс-әрекеттері
Сапа менеджменті жүйесі	Сапаға бағытталған менеджмент жүйесінің бөлігі
Үлгілік бағдарламасы оқу	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетін айқындайтын білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің оқу құжаты
Оқу жоспары	Тиісті білім беру деңгейінің және оқыту нысанының білім алушыларының оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіби практиканың, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) реттейтін құжат
Іскерліктер	Қызмет нормаларының талаптарына сәйкес жұмыскердің бақыланатын әрекеттері
Әдвайзер (Advisor)	Тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің функцияларын орындайтын, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын игеруге жәрдем көрсететін оқытушы
Элективті пәндер	Белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде жоғары оқу орнының компонентіне және таңдау бойынша компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшелігін және нақты өңірдің қажеттіліктерін, қалыптасқан ғылыми мектептерді ескеретін оқу пәндері

6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Толық атауы
БП	Базалық пәндер
ЖК	Жоғары оқу орны компоненті
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
МЖМБС	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ТК	Таңдау компоненті
КОТ	Кредиттік оқыту технологиясы
БД	Бақылау данасы
ЭПТ	Элективті пәндер тізбесі
ҚР ҒжЖБМ	ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
ББХСС	Білім берудің халықаралық сыныптамалық стандарты
НҚА	Нормативтік құқықтық актілер
ҰБШ	Ұлттық біліктілік шеңбері
ЖКББҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
МК	Міндетті компонент

ЖБП	Жалпы білім беретін пәндер
ЖОББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
БББ	Білім беру бағдарламасы
СБШ	Салалық біліктілік шеңбері
МП	Мамандандырушы пәндер
КҚ	Кәсіби құзыреттіліктер
КС	Кәсіби стандарт
ҚР	Қазақстан Республикасы
ОН	Оқыту нәтижес
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҮОБ	Үлгілік оқу бағдарламасы
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
ОӘЖ	Оқу-әдістемелік жұмыс
ББББ	Білім беру бағдарламаларын басқару

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) модульдік оқыту технологиясы бойынша білім беру бағдарламаларын құру кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге арналған және мыналарды белгілейді:

7.1.1 «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) іске асырылатын мамандар даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібін;

7.1.2 еңбек нарығының қазіргі қажеттіліктеріне сәйкес білім алушылардың кәсіби қызметінің мазмұнына қойылатын талаптарды;

7.1.3 модульдерді жобалау және кредиттерді трансферттеу мен жинақтаудың еуропалық жүйесін пайдалану тәртібін;

7.1.4 білім беру бағдарламаларының құрылымын.

7.2 Ереже білім беру процесіне қатысатын Университеттің барлық бөлімшелеріне арналған және оларға білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған.

7.3 Ереже Университеттің лауазымды тұлғалары мен Білім беру бағдарламалары басқармасының (бұдан әрі – БББ) қызметкерлерін басшылыққа алуға арналған Университеттің ішкі нормативтік құжаты (бұдан әрі – ІНҚ) болып табылады.

7.4 Ереже Сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) талаптарына сәйкес Университетте қабылданған құжаттама жиынтығына кіреді.

7.5 Университет білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген мемлекеттік лицензия негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктегішіне сәйкес бакалавриат және магистратураның білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

7.6 ББ ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының ББ тізіліміне (<https://enic-kazakhstan.edu.kz/>) енгізілуі және Университет сайтында (<https://kaztbu.edu.kz/>) орналастырылуы тиіс.

7.7 Университеттің ББ Университет білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясы бар даярлау бағыттары бойынша әзірленеді.

7.7.1 ББ ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (бұдан әрі – МЖМС), Ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі – ҰБШ), Салалық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі – СБШ), кәсіби стандарттардың (бұдан әрі – КС) талаптарына сәйкес және Дублин дескрипторлары негізінде әзірленеді.

7.7.2 ББ белгіленген мақсаттарға сәйкес әзірленеді.

7.7.3 ББ меңгеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты айқындалуы, түсіндірілуі және

жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік құрылымының белгілі бір деңгейіне және жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі біліктілік құрылымына сәйкес келуі тиіс.

7.8 ББ әзірлеу әдістемесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

7.8.1 Дублин дескрипторларын және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көпдеңгейлі білім беру мазмұнын түсінуге;

7.8.2 ББ жобалау негізі ретінде құзыреттілік тәсіліне.

7.9 ББ VUCA (Volatility – тұрақсыздық, өзгергіштік; Uncertainty – белгісіздік; Complexity – күрделілік; Ambiguity – түсініксіздік, біржақты емес) әлемінде қажетті, жылдам өзгеретін әлемде қажетті, өмір бойы оқытуды көздейтін икемді және кәсіби дағдыларды (soft skills, hard skills) қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

7.10 ББ әзірлеудің негізгі қағидаттары:

7.10.1 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудағы әлемдік трендтерге бағдарлану (студентке бағдарлану, инновациялық сипат, жүйелік ойлауды және әлеуметтік коммуникацияны қалыптастыруға бағытталу);

7.10.2 мамандар даярлаудың құзыреттілік моделі;

7.10.3 модульдік сипат;

7.10.4 пәнаралық сипат;

7.10.5 білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығы, біліктіліктер мен деңгейлердің келісілген (ұлттық және халықаралық) дескрипторларын пайдалана отырып жүйелілік, Еуропалық біліктілік шеңберімен (бакалавр/магистр) арақатынасы;

7.10.6 ұлттық трендтерге бағдарлану (интернационалдандыру, білім, ғылым және өндіріс интеграциясы, цифрландыру);

7.10.7 Университеттің стратегиялық басымдықтарына сәйкестік;

7.10.8 Университеттегі білім беру процесі кредиттік оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырылған және оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған білім алушылардың жеке білім беру траекториясын таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады;

7.10.9 Университеттегі оқыту стратегиясы инновациялық оқыту әдістерін және ақпараттық технологияларды пайдалануға бағдарланған;

7.10.11 Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтау.

7.11 Интеграцияланған ББ:

7.11.1 Мамандарды сапалы даярлау мақсатында Университетте интеграцияланған ББ әзірленіп, іске асырылуы мүмкін.

7.11.2 Интеграцияланған білім беру бағдарламаларының мазмұнын қалыптастыру кезінде екі немесе одан да көп даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін тең дәрежеде қалыптастыратын пәндер енгізіледі.

7.11.3 Интеграцияланған білім беру бағдарламалары пәнаралық және деңгейаралық, жоғары оқу орындары аралық және халықаралық сипатта болуы мүмкін.

7.11.4 Академиялық салаға мұндай өзгерістерді енгізу тікелей білім беру бағдарламасын (интеграцияланған пәндер, пәндердегі жалпы тақырыптар), сондай-ақ оқыту әдістемесін ауқымды әзірлеуді көздейді.

7.12 Екі дипломдық ББ:

7.12.1 Қос диплом бағдарламалары – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары-серіктестерінің ББ-ларының салыстырмалылығына және синхрондалуына негізделген және тараптардың бағдарлама мақсаттары мен мазмұнын анықтау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

7.12.2 Қос дипломды білім беру бағдарламалары екі ЖОО-серіктес арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

7.12.3 Қос дипломды білім беру ББ МЖМС талаптарын және серіктес ЖОО-ның талаптарын ескереді.

7.12.4 Білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде екі тараптың да ББ пәндер тізбесі ескеріледі. Білім алушы практиканың барлық түрлерінен және қорытынды

аттестаттаудан толық көлемде өтеді.

7.13 Университеттің ББ әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады:

7.13.1 ББ әзірлеуге дайындық;

7.13.2 ББ жобалау;

7.13.3 ББ құрылымдық элементтерін егжей-тегжейлі көрсету;

7.13.4 ББ жобасының сапасын бағалау.

8. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

8.1 Университет даярлау бағыттарының тізімін анықтау үшін:

8.1.1 нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін анықтайды:

8.1.1.1 қазір және болашақта қандай мамандар қажет (оның ішінде жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласына сәйкес);

8.1.1.2 түлектерді жұмысқа орналастыру перспективалары қандай (тапшылық, артықшылық, жаңа кәсіптердің/дағдылардың/құзыреттердің пайда болуы және т.б.).

8.1.2 кадрларды даярлаудың әлеуетті нарығына талдау және бағалау жүргізеді:

8.1.2.1 өңірдегі/жақын орналасқан өңірлердегі, шетелдік ЖОКБҰ-дағы кадрларды даярлау нарығындағы бәсекелестіктің болуы;

8.1.2.2 бәсекелестік ортаға талдау.

8.1.3 ЖОКБҰ-ның БББ іске асыру мүмкіндіктеріне талдау жүргізеді:

8.1.3.1 қажетті кадрлық ресурстардың болуы;

8.1.3.2 қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы. Алынған нәтижелер негізінде ЖОКБҰ даярлау бағыттарының тізімін анықтайды.

8.1.4 БББ әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады.

8.1.4.1 Кәсіби стандарттардың талаптарын ескере отырып, БББ әзірлеу сапасын арттыру үшін әзірлеушілер тобына ПОҚ және кафедра меңгерушілерімен қатар жұмыс берушілердің және (немесе) жұмыс берушілер бірлестіктерінің өкілдерін қосу ұсынылады.

9 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖОБАЛАУ

Білім беру бағдарламасын жобалау кезеңінде мынадай жұмыстарды жүргізу қажет:

9.1 Түлектердің кәсіби қызмет саласын зерттеу, оның барысында құзыреттердің бастапқы тізбесін қалыптастыру үшін құжаттарға талдау жасалады (кәсіби стандарттарды қолдану тәжірибесі; МЖМС; лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары, жетекші шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ББ және т.б.).

9.1.1 Құзыреттердің бастапқы тізбесі маңызды емес құзыреттерді біріктіру немесе алып тастау арқылы қалыптастырылады:

9.1.1.1 жалпы құзыреттерді тарылту (оның ішінде жеке, әлеуметтік-этикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және т.б.);

9.1.1.2 кәсіби құзыреттерді тарылту (осы бағытқа тән теориялық және практикалық дағдылар мен іскерліктер).

9.1.2 Осы кәсіби саладағы даярлаудың әр бағыты үшін құзыреттердің алдын ала тізбесі келесідей қалыптастырылады:

9.1.2.1 жалпы құзыреттер (мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттер) айқындалады;

9.1.2.2 кәсіби құзыреттер (осы бағытқа тән теориялық білімдер мен практикалық дағдылар мен іскерліктер) айқындалады.

9.1.3 Зерттеу барысында қажет болған жағдайда, еңбек нарығын талдау және кәсіби стандарттар негізінде жасалған құзыреттердің алдын ала тізбесін нақтылау және басымдық беру мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіледі; жұмыс орнындағы белгілі бір құзыреттің маңыздылық дәрежесі және Университетті бітіргеннен кейінгі маманның оны меңгеру деңгейі анықталады. Бұл үшін:

9.1.3.1 бастапқы құзыреттерді пайдалана отырып, жұмыс берушінің сауалнамасы әзірленеді;

9.1.3.2 сауалнама жүргізудің сандық (стандартталған сауалнамаларды пайдалану арқылы) және сапалық (сұхбат және фокус-топтар) әдістері іріктеледі;

9.1.3.3 сауалнама қатысушыларын – ББ түлектері жұмыс істейтін зерттелетін кәсіби сала өкілдерін іріктеу жүргізіледі.

9.2 Кәсіби маңызды құзыреттерді, ББ-ға сәйкес қызмет саласына тән құзыреттерді және оларды меңгеру деңгейін анықтау.

9.2.1 ББ түлектерді оқыту нәтижелерін жобалау кезінде ескерілуі қажет келесі құзыреттермен қаруландыруы тиіс:

9.2.1.1 мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттер (soft skills) – өзін-өзі оқытуды және жүйелі ойлауды; трансдисциплинарлық және кроссфункционалдылықты; АКТ құзыреттерін, тілдерді білуді, технологиялық сауаттылықты, креативтілікті, кәсіпкерлікті, әлеуметтік интеллектіні, команда мүшелерімен ынтымақтастықты, клиентке бағдарлануды, тұтынушы сұраныстарымен жұмыс істей білуді, шешімдерді тез қабылдай білуді, жұмыс жағдайларының өзгеруіне ден қоюды, ресурстарды бөлуді және өз уақытын басқаруды және т.б. қамтиды;

9.2.1.2 цифрлық дағдылар (digital skills) – цифрлық ортада және цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттер кешенін, оның ішінде деректерді жасау және жинау, оларды өңдеу және талдау, сондай-ақ кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша белсенділікті қамтиды;

9.2.1.3 кәсіби дағдылар (hard skills) – маманға кәсіби қызметтің кез келген жағдайында сауатты әрекет етуге мүмкіндік береді.

9.3 Бағдарламаның оқыту нәтижелерін құзыреттерге байланысты қалыптастыру, оқу деңгейіне, кәсіби стандарттардың талаптарына және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарына/күтулеріне, сондай-ақ ЖОО-ның даму стратегиясына бағдарланады.

9.3.1 Оқыту нәтижелері бағдарламаға бөлінетін академиялық кредиттердегі тиісті пәндердің еңбек сыйымдылығының көлемін анықтау үшін негіз болып табылады. ББ жалпы еңбек сыйымдылығы МЖМС-да көрсетілген тиісті деңгейдегі еңбек сыйымдылығынан кем болмауы тиіс. ББ-да пәндер мен оқыту нәтижелері арасындағы өзара байланыс міндетті түрде айқындалуы тиіс.

9.3.2 Оқыту нәтижелері келесідей болуы тиіс:

9.3.2.1 еңбек функцияларына бағытталған;

9.3.2.2 еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағытталған;

9.3.2.3 өлшенетін болуы тиіс;

9.3.2.4 синергияға ие болуы тиіс.

9.3.3 Оқыту нәтижелерін сипаттау кезінде, Кредиттерді трансферттеу (аудару) және жинақтаудың еуропалық жүйесіне (ECTS) сәйкес, Университет келесі шарттарды ұстанады:

9.3.3.1 оқыту нәтижелері бағдарламаның контекстін, деңгейін, көлемін және мазмұнын көрсетеді;

9.3.3.2 оқыту нәтижелері өзара байланысты;

9.3.3.3 оқыту нәтижелері түсінікті;

9.3.3.4 оқыту нәтижелері бағдарламаның оқу жүктемесі шегінде қолжетімді;

9.3.3.5 оқыту нәтижелері тиісті оқу қызметімен, әдістерімен және бағалау критерийлерімен байланысты.

9.4 Оқу пәндері үшін пре- және постреквизиттерді көрсете отырып, оқыту нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған ББ құрылымын және пәндер тізбесін анықтау.

9.5 Құзыреттердің, оқыту нәтижелерінің және бағалау критерийлерінің өзара байланысын анықтау.

9.5.1 Әрбір нәтиженің оған қолжетімділігін бағалау критерийлері болуы және өлшенетін болуы тиіс.

9.5.2 Бағалау критерийі «аяқталған әрекетті» сипаттауы тиіс.

Кесте 1 - Құзыреттіліктердің, оқыту нәтижелерінің және бағалау критерийлерінің өзара байланысын анықтау

Құзыреттілік 1	Оқыту нәтижесі 1	Бағалау критерийі 1.1
		Бағалау критерийі 1.2
		Бағалау критерийі 1.п
	Оқыту нәтижесі 2	Бағалау критерийі 2.1
		Бағалау критерийі 2.2
		Бағалау критерийі 2.п
Құзыреттілік 2	Оқыту нәтижесі 3	Бағалау критерийі 3.1
		Бағалау критерийі 3.2
		Бағалау критерийі 3.п
	Оқыту нәтижесі 4	Бағалау критерийі 4.1
		Бағалау критерийі 4.2
		Бағалау критерийі 4.п

9.6 Оқыту технологиялары мен оқыту, білім алушылардың оқыту нәтижелеріне қол жеткізу құралдарының өзара байланысы арқылы оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдарын жобалау.

9.6.1 Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдарын жобалау кезінде нақты критерийлерге негізделген өлшенетін бағалау әдістерін қолдану қажет.

9.6.2 Бағалау әдістері бағаланатын оқыту нәтижелерімен үйлесімді болуы тиіс.

9.6.3 Алынған бағалар білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін көрсетуі тиіс.

9.6.4 Бағалау негізгі, жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттер үшін жүргізілуі тиіс.

9.7 Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары негізінде ББ іске асыру үшін ресурстарға қажеттілікті анықтау.

9.7.1 Білім беру бағдарламасын толыққанды іске асыру үшін келесі ресурстардың қанша және қандай мөлшерде қажет екенін анықтау қажет:

9.7.1.1 *Кадрлық ресурстар* – ресми құжаттармен расталған тиісті білімі бар ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар ББ ерекшелігімен, Салалық шеңбермен және Кәсіби стандартпен анықталады;

9.7.1.2 *Материалдық-техникалық база* – оқу жоспарында көзделген білім алушылардың оқу, зертханалық, практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлері үшін санитарлық және өртке қарсы ережелер мен нормаларға сәйкес келетін жабдықтармен қамтамасыз етілуі;

9.7.1.3 *Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету* – ББ-ға сәйкес барлық оқу курстары бойынша оқу-әдістемелік ресурстармен (оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ электрондық басылымдармен, Интернет-ресурстармен) қамтамасыз етілуі;

9.7.1.4 *Әлеуметтік ресурстар* – университеттің экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындармен және ұйымдармен қалыптасқан серіктестік байланыстарымен; кәсіби-педагогикалық және бизнес-қоғамдастықтағы байланыстарымен; еңбек нарығының осы сегментіндегі жұмыс берушілердің, кәсіби қауымдастықтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық бірлестіктермен және коммерциялық емес ұйымдармен байланыстарымен қамтамасыз етілуі.

10. ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

10.1 Бакалавриаттың білім беру бағдарламасының мазмұны

10.1.1 Жоғары білім берудің ББ мазмұны үш циклдегі пәндерден тұрады: жалпы білім беру пәндері (бұдан әрі - ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі - БаП) және мамандандырушы пәндер (бұдан әрі - МП). ЖБП циклі міндетті компоненттің (бұдан әрі - МК), жоғары оқу орны компонентінің (бұдан әрі - ЖК) және (немесе) таңдау компонентінің (бұдан әрі - ТК) пәндерін қамтиды. БаП және МП циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

10.1.1.1 ЖБП циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 51

академиялық кредит міндетті компонент пәндеріне бөлінеді: Қазақстан тарихы, Философия, Қазақ (Орыс) тілі, Шетел тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (оқыту тілінде), Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология), Дене шынықтыру. Барлық ББ бойынша ЖК ретінде 5 академиялық кредит көлемінде «Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерлік негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)» пәні енгізіледі.

10.1.1.2 БаП және МП циклі оқу пәндерін, кәсіптік практика түрлерін оқытуды қамтиды және 176 кредиттен кем емес, «Дизайн» білім беру бағдарламасы үшін 236 академиялық кредиттен кем емес көлемде болады.

10.1.2 БаП және МП циклдерінің пәндері мен модульдері пәнаралық және мультидисциплинарлық сипатқа ие, бұл бірқатар білім салаларының тоғысында кадрлар даярлауды қамтамасыз етеді. Университеттің ББ негізгі ББ-мен қатар қосымша ББ-ны (Minor) меңгеру мүмкіндігін көздейді.

10.1.3 Қорытынды аттестаттау жоғары білім берудің ББ жалпы көлемінде 8 академиялық кредиттен кем емес мөлшерді құрайды. Қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны мен рәсімі Ғылыми кеңес отырысының шешімімен айқындалады.

10.1.4 ББ бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі білім алушының 240 академиялық кредиттен кем емес, «Дизайн» ББ бойынша – 300 академиялық кредиттен кем емес көлемде білім меңгеруі болып табылады.

10.1.5 Бакалавриаттың ББ құрылымы МЖМС-тың 1 және 2-қосымшаларында келтірілген.

10.2 Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны

10.2.1 Магистратураның ББ мазмұны мыналардан тұрады:

10.2.1.1 базалық және кәсіптік пәндер циклдерін оқытуды қамтитын теориялық оқытудан;

10.2.1.2 магистранттарды практикалық даярлаудан: педагогикалық, өндірістік, зерттеу практикасы, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалар;

10.2.1.3 ғылыми-педагогикалық магистратура үшін ғылыми-зерттеу жұмысынан немесе бейінді магистратура үшін эксперименттік-зерттеу жұмысынан;

10.2.1.4 магистрлік диссертация/жоба жазу түріндегі қорытынды аттестаттаудан.

10.2.2 БаП және МП циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

10.2.2.1 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы барлық магистратура ББ-ның БаП циклінің жоғары оқу орны компонентіне мынадай пәндер кіреді: «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шетел тілі (кәсіптік)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы»; бейінді бағыт үшін – «Менеджмент», «Басқару психологиясы», «Шетел тілі (кәсіптік)» пәндері.

10.2.3 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада:

10.2.3.1 БаП циклінің көлемі магистратураның ББ жалпы көлемінде 35 академиялық кредитті құрайды, оның ішінде 20 академиялық кредит ЖК-ке, таңдау компонентіне 15 академиялық кредит бөлінеді;

10.2.3.2 МП циклінің көлемі магистратураның ББ жалпы көлемінде 53 академиялық кредитті құрайды;

10.2.3.3 магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі 24 академиялық кредитті құрайды;

10.2.3.4 қорытынды аттестаттау көлемі 8 академиялық кредитті құрайды.

10.2.4 Бейіндік бағыттағы магистратурада:

10.2.4.1 магистратураның ББ жалпы көлеміндегі БаП циклінің көлемі 10 академиялық кредитті (1 жыл оқу мерзімімен) және 15 академиялық кредитті (1,5 жыл оқу мерзімімен) құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 1 жыл және 1,5 жыл оқу мерзімдерімен 6 академиялық кредитті, таңдау компоненті 1 жыл оқу мерзімімен 4 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 9 академиялық кредитті құрайды;

10.2.4.2 МП циклінің көлемі магистратураның ББ жалпы көлемінде 29 академиялық

кредитті (1 жыл оқу мерзімімен) және 49 академиялық кредитті (1,5 жыл оқу мерзімімен) құрайды, олар ЖК және ТК арасында әзірлеушілердің өздері тарапынан бөлінеді;

10.2.4.3 магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысының көлемі 1 жыл оқу мерзімімен 13 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 18 академиялық кредитті құрайды;

10.2.4.4 қорытынды аттестаттау көлемі 1 және 1,5 жыл оқу мерзімімен 8 академиялық кредитті құрайды.

10.2.5 Магистратураның ББ құрылымы тиісті бағыттар бойынша ҚР ҒЖБМ МЖМС-тың 1, 3-қосымшаларына сәйкес айқындалады.

10.2.6 ББ бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі білім алушының:

10.2.6.1 ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, оқудың бүкіл кезеңінде 120 академиялық кредиттен кем емес көлемде;

10.2.6.2 бейіндік магистратурада 1 жыл оқу мерзімімен 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады.

11. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ДЕТАЛЬДАУ

11.1 Білім беру бағдарламасы келесі құрылымдық элементтерді қамтуы тиіс:

11.1.1 Титул парағы;

11.1.2 Мазмұны;

11.1.3 Кіріспе;

11.1.4 Келісу парағы;

11.1.5 Білім беру бағдарламасының паспорты;

11.1.6 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы;

11.1.7 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар;

11.1.8 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor);

11.1.9 Білім беру бағдарламасының құзыреттер картасы;

11.1.10 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері;

11.1.11 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің қолжетімділігінің өзара байланысы;

11.1.12 Жоспарланған оқыту нәтижелерін бағалау технологияларымен және модуль шеңберіндегі оқыту әдістерімен келісу;

